Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің
«Абай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Этика пәні бойынша
2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің
циклограммасы

Этика пәні мұғалімі: Тусипова К.С

Scanned with CamScanner

**Этика пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

Білім беру ұйымы «Абай атындағы орта мектебі» КММ «Айналайын» шағын орталығы
Топ: ересек топ
Балалардың жасы: 4-5 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы.

| № | ҮІӘ тақырыбы | ҮІӘ мақсаты | Сөйлеуді дамыту тараптары | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Сәлем сөздің анасы". | Балаларды адамгершілікке қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке әдептілікке еңбексүйгіштікке, өз халқының салт-дәстүрін үйрене отырыпжаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу.Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру; өздері жайлы жалпы мәлімет беруді меңгерту; дауысты дыбыстар туралы түсініктерін қалыптастыру | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздіктеріне "сәлеметсіз бе", "сәлеметсің бе", "сау бол", "Менің атым...", "менде...бар", "сенде не бар?" сөздері мен сөз тіркестерін енгізу; ойыншық атауларын дыбыстау оларды еркелету мәнерінде атау арқылы сөздік қорларын молайту. | Мазмұнды суреттер, нақыл сөздер. | Бәріміз хормен айтамыз.<br><br>Алдымыздан кезіккен<br><br>Көп танысты көреміз<br><br>Бәрінен де ізетпен<br><br>Біздер сәлем береміз<br><br>Сәлеметсіз бе, ағай!<br><br>Сәлеметсіз бе, әже!<br><br>Амансыз ба, атай!<br><br>Ұл – қыз сәлем береміз,<br><br>Өнегелі өренбіз. | 1 | |
| 2 | "Сәлем әдептіліктің белгісі". | Балаларды қазақша сөйлеуге, ересектердің сәлемдесу мен қоштасу үлгісін білдіретін сөздерді түсіну және қолдануды, өздерін атауды үйрету; сөздегі дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | Сөздіктеріне "отбасы", "туыс", "аға", "әпке" деген сөздерді еңгізу; отбасы мүшелерін білдіретін сөздердің көмегімен; сөздік қорларын арттыру. | | Халқымызда ақ сақалды атаны, ақ жаулықты ананы жалпы үлкенді сыйлап, алдынан қия өтпей сәлем беру ата – дәстүрімізде бар қасиет.<br>Енді біз үлкен кісілеріміздің алтын ақылдарын еске түсірейік.<br>Сергіту сәті<br><br>Үлкенге де сіз<br><br>Кішіге де сіз<br><br>Баршаңызды құрметтеп<br><br>Бас иеміз біз | 1 | |
| 3 | Достық. | Балаларға «дос» достық құндылығы туралы түсінік беру, жаңа материалды көрнекіліктер арқылы түсіндіру, сұрақтарға жауап алу, суретпен жұмыс орындату | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздік бойынша істелетін әрекеттерді білдіретін сөз және сөз тіркестердің көмегімен, сөздік қорларын молайту. | Карта, түрлі түсті қарындаштар. | Достар бір — бірін жақсы түсінеді, бірге жүргенді ұнатады. Балабақшада біз бір – бірімізбен доспыз.<br>Біз балдырған тең басқан!<br>Дос құшағын кеңге ашқан!<br>Тілегіміз әділдік!<br>Ашық болсын кең аспан!<br>«Дос болайық бәріміз» әнін орындау | 1 | |
| 4 | Дос. | Балаларға «дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру. Бір-бірімен дос болуда, тату болуды үйрету | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | Достар тату, мейірімді болады.<br>Достар бір-біріне көмектеседі.<br>Музыкалық ойын «Буги-Буги»<br>(Қимыл — қозғалыспен көрсету.)<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Біздер тату баламыз, | 1 | |
| 5 | Тектi білу тегін емес. | Балаларға отбасы, отбасы мүшелері туралы түсінік беру; адам өміріндегі құндылықтар ретінде туыстық жақындықты білдіретін "аға", "әпке" туралы түсініктерін, отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Үнтаспа, бәйтерек суреті, | Ата тегі, жеті ата туралы түсінік беру;<br>- ата тегін білуге деген қызығушылықтарын арттыру;<br>- ата тегін қастерлеуге тәрбиелеу.<br>Атадан ақыл аламыз<br>- Атамыз – біздің панамыз,<br>- Атамыз - біздің данамыз,<br>- Атадан ақыл аламыз,<br>- Атадай адам боламыз. | 1 | |
| 6 | Әдептілік-әдемілік белгісі | Балаларды әдептілікке, бауырмалдылыққа тәрбиелеу.Бір- біріне әдемі тақпағымен таныстыру мен мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу. Бір біріне деген достық сезіміне, кішіпейілділікке, татулыққа баулу | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | Интерактивті тақта,майлықтар, тәрелке,қасық гүл т.б. | Үйде,балабақшада,көшеде : «Сәлем!», «Сәлеметсіз бе!», «Қайырлы күн!» деген сияқты ізгі сөздерді ұмытпа.<br>Жасы кішілер үлкендерге сәлем береді,ал ұл балалар қыздарға амандасады.<br>Кітапханада,емханада немесе көшеде әлдекімнен жөн сұрасаң немесе өтініш жасасаң,ептеп басыңды иіп сөйлес-бұл сәлемдесу белгісі.<br>Осы кезде «өтінемін»деген жылы сөзді айтуды ұмытпа.<br>-Сауалыңа жауап немесе сыйға ұсынылған затты алып тұрып, «рахмет»деген<br><br>тағы бір ізгі сөзді айтуды ұмытпа.<br>-Егер сен байқамай біреуді қағып кетсең немесе ренжітіп алсаң,сол жерде кешірім сұра. | 1 | |
| 7 | «Ас- адамның | Балаларды қазақтың ұлттық | Сөздік | | Әртүрлі көңілді, | Саусақтарым билеңдер, | 1 | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | -Егер сен байқамай біреуді қағып кетсең немесе ренжітіп алсаң,сол жерде кешірім сұра. | | | |
| 7 | «Ас- адамның арқауы» | Балаларды қазақтың ұлттық тағамдарының түрлерімен таныстыру және олардың құрамымен таныстыру. Балаларға ас ішу кезіндегі мәдениеттілікті үйрету.Балаларды "Сиқырлы бауырсақтар" әңгімесімен, бауырсақтың дайындалу реттілігімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Әртүрлі көңілді, ырғақты әуендер аудиотаспалары Интерактивті тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш. Демонстрациялық сурет: Еркежан әже мен Дана. Сәлемдесу жаттығуына арналған суретті карточкалар. | Саусақтарым билеңдер,<br><br>Дәмді тоқаш илеңдер.<br><br>Неткен жақсы шеберлер,<br><br>Алма қосып илеңдер.<br><br>Саусақтарым билеңдер! | 1 | | |
| 8 | Мына менің қасиетті Отаным-жаныма қымбат. | Баларды оз Отанын сүюге , табиғатына деген , туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Қазақстан оның рәміздері, ландшафты туралы бейнеролик. Демонстрациялыс уреттер: Қазақстанның Мемлекеттік Елтаңбасы, Қазақстанның мемлекеттік Туы. Қазақстанның рәміздерінде кездесетін бейнелердің мнемокарточкалары. Қазақстанның табиғат ландшафты бойынша суреттер бөлімі: жазық дала,шыңын қар басқан таулар, биік жағалы өзендер, толқынды теңіз, шөл дала, аспандағы күн, орман мен тоғай, төсбелгі-үлкен жүрек. Таратпалы мнемокарточкалар: Қазақстан туындағы күн; Қазақстан туындағы бүркіт; Қазақстан туындағы ою-өрнектер; Қазақстан елтаңбасындағы пырақ; Қазақстан елтаңбасындағы шаңырақ; таңба тектес аю; таңба тектес садақ пен жебе; таңба тектес теңіздегі шағала;таңба тектес түйет Баяу ырғақты аудиотаспалар. | Сабақ еліміздің әнұранымен басталады.<br><br>Тәрбиеші: Бейбіт таңдар арайланып атады,<br><br>Туған жерді аймалады шапағы,<br><br>Байтақ елім, Қазақстан!<br><br>Ең бақытты балалардың Отаны!<br>Менің елім Қазақстан<br><br>Бар ғой онда бәрі де:<br><br>Өзен де бар, көл де бар,<br><br>Орман да бар, тау да бар,<br><br>Жайнаған сансыз қаласы бар,<br><br>Жайқалған жомарт даласы бар. | 1 | | |
| 9 | Отбасындағы мейірім. | Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарларының төлдерінің атауларымен таныстыру; "қатты - ақырын" қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру; жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | Суретті -карточкалар: балабақша; отбасы; ата; әже; әке; ана; аға; бауыры,інісі; қарындасы, сіңілі. Мнемокарточкалар: әке, ана, ата, әже, аға, апай (әпке); отбасы; Демонстрациялық сурет: отбасы мүшелері | Отбасы тақырыбы бойынша-Мынау біздің отбасымыз. Мынау менің анам,әкем, әжем,атам.Біз бәріміз тату –тәтті тұрамыз. | 1 | | |
| 10 | Отбасындағы әдеп | Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" и "көп" мөлшерлік ұғыдарын, "тез - баяу" әрекет белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық түсініктерін дамыту. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Мнемокарточкалар: әке, ана, ата, әже, аға, апай (әпке); отбасы; Демонстрациялық сурет: отбасы мүшелері | Мен анама көмектесемін<br>Бәріміз еңбек етеміз.Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді жаттау.<br>Біздің топта ұл-қыздар<br>Тату-тәтті ойнаймыз<br>Әлемдегі бар балаға<br>Тек жақсылық силаймыз! | 1 | | |
| 11 | Менің анам | Балаларды аналарды силауға, құрметей білуге, кішіпейілдікке, кз ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.Ана мейірімділігінің маңыздылығын түсіндіру.Өз аналары туралы сөйлем құрастыра білу | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | «Ана» туралы өлең жолдарын оқып береді. -Өлеңде кім туралы айтылған? Ел жатқанда жатпаған Мен деп тыным таппаған Бақыты үшін баланың Аман болшы ..... Өз аналарының атын айтып таныстырады.<br><br>Ұйымдастырушылық – ізденістік Сурет бойынша әңгімелесу. -Сендер аналарыңа қай кездері, қалай көмектесесіңдер? Сюжеттік ойын: «Ас үстінде» О/ш: Тәрбиеші ойын мазмұнын түсіндіреді.Ойынға балалар өз қалауларымен қатысады Сергіту сәті: Бір, екі, үш, бір, екі, үш, Бойға жинап күш. Жаттығу жасап алайық, Бір дем алып қалайық. Жагдаят. Сен анаңнің ең қымбат моншағын үзіп алдың.Не істер едің? -Анаң саған ойыншықтарды жинауды | 1 | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Сен анаңның ең қымбат моншағын үзіп алдың.Не істер едің? -Анаң саған ойыншықтарды жинауды ұсынды, бірақ сен сүйікті мультфильм көргің келеді.Не істередің ? С/о: «Анаң қандай ?» О/ш: ананың қасиеттерін езекпен айту.Кім көп атаса сол жеңімпаз. Айтылған сөздерді буынға бөледі | | |
| 12 | Менің әкем | Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту. Ұлттық салт- дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | «Әке мен бала» әңгімесін тыңдап, мазмұнын қабылдап, әңгімелей білу іскерлігін дамыту, әңгімені рольдерге<br><br>бөліп сахналай білу. | 1 | |
| 13 | Отбасы | Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым- қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | Үй жиһаздары, ыдыстар, кім-кешектер | Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын шешуін тауып, кімдер туралы айтылған екен.<br>Кітапты көп оқитын,<br>Жырларды жақсы білетін,<br>Немересін еркелетіп,<br>Жанында әрқашан жүретін (ата)<br>Біз үшін ең қымбатты<br>Ең ардақты адам кім? (ана)<br>өзі салмақты, батыл, отбасын қорғаушы, асыраушы кім? (әке)<br>мейірімді жан кім екен ертегі оқып беретін, еркелетіп қыз - ұлды бетінен шап - шап сүйетін (әже) | 1 | |
| 14 | Тазалық туралы түсінік | Балалардың жеке бас гигиенасы, тазалық, денсаулық туралы ұғымдарын кеңейту. Олардың жинақылыққа, ұқыптылыққа үйрету. Тазалықтың пайдасын суреттер арқылы көрсетіп, ой -өрісін дамыту. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Тазалық тақырыбындағы суреттер.<br>Керекті құрал-жабдықтар:түрлі-түсті қағаз,желім,далап. | Балалар таңертең ұйқыдан тұрған соң не істейсіңдер?<br>-Жуынамыз -Немен жуынасыңдар? -Сумен жуынамыз -Жуынып-болған соң не істейсіңдер?<br>-Сүлгімен сүртінеміз. – Жарайсыңдар балалар!<br>-Ендеше балалар біз бүгінгі оқу қызметімізде «тазалық-таза баланың досы»туралы әңгімелейміз. –Суретпен жұмыс: Біз өзіміздің денсаулығымызды ойлауымыз керек,аурудың алдын алу үшін таза жүруіміз керек. | 1 | |
| 15 | Дені саудың-жаны сау | Денесін шыңдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, таза да әдемі болуға тәрбиелеу.Дене, жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету. Тазалық туралы түсінік беру,балаларды сөйлеуге, дыбыстарды естуге үйрете отырып сөйлеу,ойлау қабілетін дамыту. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | Тазалықтың достарын атап беру.<br>-Сабын ,тарақ,тіс щеткасы,айна.<br>2.Тапсырма:Жұмбақ<br>1.Дымқылдап күнде сен<br>Қолыңа сүйкесең<br>Кетіп кір-ласың,<br>Тап-таза боласың,<br>Бұл не? -Сабын<br>2.Шомылған баланы<br>Аймалап алады Сүртеді қолын да Сүртеді жонын да -Бұл не? –Сүлгі<br>Тақпақ<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолын жу<br>Жуасың әрдайым<br>Аппақ бетін маңдайын | 1 | |
| 16 | Көмектесе білейік | Көмектесе білейік, керек кезде бір- бірімізге көмек көрсету, өзара көмек жасауға үйрену. Өзіне жақын, ниеттес адамға сенім білдіру, өзара жауапкершілікті түсіну, қамқорлық жасай білу. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | | Мейірімділік адами қасиеті мен өзара көмек<br><br>әрекеттері туралы түсінік беру;<br>-Қамқорлық жасау,көмек көрсету дағдыларын дамыту;<br>-қайырымды,жағымды қарым-қатынастар жасауға тәрбиелеу.<br>Тәртіп, талап, тыныштық, тазалық, татулық | 1 | |
| 17 | Достаса білейік | Достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту;<br>өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту;<br><br>- бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | Достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту;<br><br>- өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту;<br><br>- бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 18 | Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергені | Балалардың өмірге қажетті білік - дағдыларын тереңдете отырып, әдемілік ұғымын түсіндіру. Алған білімдерін тиянақтай отырып іс - жүзінде көрсете білуге үйрету. Сөйлесе білуге, ойын терең жеткізе білуге үйрету, тіл байлықтарын дамыту. Мақал - мәтелдердің мағынасын түсінуін қалыптастыру. Адамгершілікке тәрбиелеу, сәлемдесу, кезек күту, бір - бірлерін сыйлай білуге, шыдамдылыққа баулу арқылы әдептілікке тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | Ойыншықтар, касса, ақша, плакаттар | Алдын - ала жұмыс: Әдептілік туралы мақал – мәтелдер жаттату<br>Сөздік қор: дүкенші, касса<br>Пәнаралық байланыс: тіл дамыту, музыка, айналамен таныстыру, математика<br>(Балалар жарты шеңбер болып тұрады)<br>Тәрбиеші: Балалар сендер қандай мазмұнды кейіпкерлі ойынның түрлерін білесіңдер?<br>Балалар: Емхана, шаштараз, Жанұя, Дүкен<br>Тәрбиеші: Дұрыс балалар сендер күнделікті қандай ойыншықпен ойнағанды жақсы көресіңдер.<br>Балалар: Машиналар, қуыршақ, доп | 1 | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | [illegible]<br>арқылы әдептілікке<br>тәрбиелеу. | | | | [illegible]<br>Тәрбиеші: Дұрыс балалар сендер күнделікті қандай ойыншықпен ойнағанды жақсы көресіңдер.<br>Балалар: Машиналар, қуыршақ, доп | | |
| 19 | Жирен жаман әдеттен-үйрен жақыс әдептен | Балаларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Әдептілікке, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | Бүгін біз әдептілік тақырыбында айтамыз. Әдептілік-адамдардың өзара жақса қарым-қатынасының, жүріс-тұрысының ережесі. Осы әдептілік ережесін сақтау керек. Мысалы: уәде беріп, оны орындамаса, басқа кісіге дөрекі жауап берсе, үлкенді сыйламаса, ондай адамды жұрт<br><br>"Әдепсіз екен" дейді. Онымен басқа адамдар қарым-қатынас жасаудан қалады. Оны сыйламайды. Кейбір балалар әдептілік ережесін байқамай нememе білмей бұзады. Әдепті бала әрдайым кездескендермен сәлемдеседі. Автобусқа мінгенде үлкен кісіге орын береді. Сөйлескен кезде сен демей, сіз деп сөйлескен жөн. Ол әдептіліктің белгісі болып табылады. Үйде әжелерің, аталарың "Үлкенді сыйла, әділ бол, өтірік айтпа, жалқау болма, кішкентайларға көмектес" деп үйретіп отырады. Міне, осы ереженің бәрін ұстап, бұзбай жүрген бала- нағыз әдепті бала. | 1 | |
| 20 | Көрсет және қайтала | Балалардың сөзді қорларын байыту Бір біріне көмектесу арқылы қызығушылық таныту Достыққа ,көмекке тәрбиелеу. Қарапайым ережелерді сақтай отырып, балада дербестікті дамыту және табысты әлеуметтендіру үшін отбасы, мектепке дейінгі ұйым жағдайында және өзіне-өзі қызмет көрсетуге қажетті біліктер мен дағдыларды қалыптастыру. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | | "Ойыншықтар билейді". Сөзді түрлендіруге арналған сөздік жаттығу. "Еркелет".<br>Диалог ойыны "Менде мынау бар".<br>Тақпақты жаттауға арналған тапсырма. "Ойыншықтар"". | 1 | |
| 21 | Тазалық таза баланың досы | Тазалық туралы түсінік беру,балаларды сөйлеуге, дыбыстарды естуге үйрете отырып сөйлеу,ойлау қабілетін дамыту. Балалардың тазалық,жеке бас гигинеасы туралы ойын дамыту, күн тәртібіне үйретіп дағдыландыру,тазалыққа тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Тазалық тақырыбындағы суреттер.<br>Керекті құрал-жабдықтар:түрлі-түсті қағаз,желім,далап. | Әдіс-тәсіл:түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап.<br>Блинквальдық компонент:сабын-мыло,сүлгі-полотенце,айна-зерколо.<br>Сөздік жұмыс:сабын,сүлгі,тарақ,айна.<br>Инклюзивті әлеумент:Дарамен жеке жұмыс.<br>І-кіріспе бөлім:<br>Шаттық шеңбері Қайырлы таң,көк аспан, Қайырлы таң, жер ана, Қайырлы таң, достарым, Қайырлы таң,қонақтар! Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br>Суретпен жұмыс: Біз өзіміздің денсаулығымызды ойлауымыз керек,аурудың | 1 | |
| 22 | «Біздер тату баламыз» | Отбасы,достық,ойын,ойыншықтар туралы айтып, өнермен өрнектеп көрсету. Балалардың дүниетанымын, ой-өрісін дамыту. Ұлттық нақыштарын, бір-бірін құрметтеуге, отбасын сыйлауға тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | алдын алу үшін үнемі таза жүру керек -<br>Амансыңдар ма, достарым! Мен сендермен кездескеніме қуаныштымын.<br>Амансың ба, Алтын күн!<br>Амансың ба, Жер Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>- Бүгінгі көңіл-күйлеріңіз қалай?<br><br>Тыныштық сәті «Нұрға бөлену»<br>- Нені сезіндіңдер? | 1 | |
| 23 | Табиғатты аялайық | Балаларға табиғат жайлы түсініктерін қалыптастыру, өлі және тірі табиғатты айыра білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Демонстрациялық сурет "Күз келді". Күз мезгілі бейнеленген демонстрациялық сурет: балалар орман ішінде серуендеп келеді; көлшіктермен рәзеңке етікте, күртеше киіп алған, қолдарында қолшатыр мен саңырауқұлақтар салынған себет; бұлтты аспан, жаңбыр себелеп тұр; жапырақтар түсіп жатыр, орман сап-сары. Мнемокестелер. | Тәрбиеші: Достар мен сендерге сұрақтар қояйын, соған жауап тапсаңдар бүгінгі сабағымыздың тақырыбын дәл тапқан боласыздар, келістік пе?<br>Балалар: Иә<br>Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Сендер табиғат бұрышында қандай еңбек түрімен айналысасыңдар?<br><br>Балалар: Гүлдерге су құямыз, жапырақтардың шаңын сүртеміз.<br>Тәрбиеші: Жақсы тағы не істейсіңдер?<br>Балалар: Гүлдің жақсы өсуі үшін, түбін қопсытамыз. Балықтарға жем береміз, суын ауыстырамыз. Біз табиғат бұрышын жақсы күтеміз<br>Тәрбиеші: Балалар осы еңбегімізді бір сөзбен қалай атауға болады?<br>Балалар: Қамқорлық жасау | 1 | |
| 24 | [illegible] | Табиғатты сүюге баулу | Сөздік | | Тақырып | Сәлеметсіңдерме балалар! | 1 | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мнемокестелер. | жем береміз, суын ауыстырамыз. Біз табиғат бұрышын жақсы күтеміз Тәрбиеші: Балалар осы еңбегімізді бір сөзбен қалай атауға болады? Балалар: Қамқорлық жасау | | |
| 24 | Қоршаған ортамен танысу | Табиғатты сүюге баулу, табиғатқа қамқор болуға үйрету. Балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңдерді пайдалану арқылы сөздік қорын байыту, байланыстырып, сөйлеуге үйрету.Табиғатқа деген мейірімін ояту, адамгершілікке баулу. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Тақырып бойынша суреттер, дидактикалық ойындар,видео – слайд, | Сәлеметсіңдерме балалар! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Ендеше бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіріп таңғы шаттық шеңдерін жасайық. Табиғатымыз тамаша Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап. Жүрейікші балаша Сәлем саған нұрлы Күн! Сәлем саған Жер-Ана. Қайырлы таң Достарым. -Балалар бүгін біз табиғат туралы әңгімелейміз. -Балалар Табиғат дегеніміз не? Дұрыс айтасыңдар. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен ай, күн, аспандағы жұлдыздар осылардың барлығы да табиғат деген ұғымды білдіреді. -Ал, сендер табиғат туралы тақпақтар білесіңдер ме? | 1 | |
| 25 | Жемістердің пайдасы | Балаларға жемістер туралы түсінік беру. Денсаулыққа пайдасы туралы мағлұмат беру. Үш орталыққа бөлу арқылы берілген тапсырманы мұқият орындай білуге үйрете отырып, «Денсаулық- зор байлық», «Дені саудың-жаны сау» деген қағиданы балалар бойына сіңіруге үйрету. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Жемістердің суреттері, ойын,а қажетті: түрлі-түсті бояулар | Тақтаға бірнеше жемістер мен көкөністер суретін ілемін. Балалар тақтаға қарайықшы не көріп тұрсыңдар? –Жемістер мен көкөністерді. Ойын шарты: барлық балалар шығады, содан кейін теріс қарап, жемістердің біреуін алып қоямын. Балалар жоғалған жемісті табады. Рефлексті түзету. Балалар сендер көптеген жемістерді біледі екенсіңдер, тамаша. | 1 | |
| 26 | «Жақсы сөз-жанға қуат» | Балалардың «бақыт» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту;<br>- жақсы сөздің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;<br>- жақсы сөздерді қолдана білу іскерліктерін дамыту;<br>- ізгілікке, ізеттілікке тәрбиелеу.Балалардың логикалық ойлауларын, есту зейінділіктерін, есте сақтауларын, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, жаңашырлыққа, сүйспеншілікке тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | | Қазір бәріміз бірге мына өлең шумағын айтып шығайық:<br>Ой - жүйрік, тіл – шебер,<br>Танытса шындықты.<br>Мәнді ойды тілмен бер,<br>Сөз тауып ұқыпты.<br>- Бәріңнің көңіл күйлерін жақсы екенін сезіп тұрмын. «Жақсы сөз - жанға қуат» деген осы. Біз бүгінгі сабағымызда осы тақырыпта сахналық көріністер көрсетеміз. Жақсы сөз - жанға қуат демекші бір - бірімізге жақсы сөз айтумен сабағымызды бастайық. (сүйкімдісің, ақылдысың, ең әдемі қызсың, өте ұқыпты баласың, адал доссың т. б.)<br>II. Сахналау:<br>- Күн сәулесі шуақтарында берілген сөздерді пайдаланып, сахналық көріністер көрсетеді.<br>1. Жақсы сөз - жарым ырыс. «Сыпайы қоян» ертегісін сахналау.<br>2. Бақытты бол!<br>3. Жақсылыққа - жақсылық. «Алтын балық» ертегісін сахналау.<br>4. Құлыным!<br>5. Көп жаса! | 1 | |
| 27 | Үлкенге құрмет-кішіге ізет | «Сыйластық», « құрмет» ұғымдарының мәнін ашу. Құрмет, ізет ұғымдарының мағынасына түсінік беру.<br>-әдептілік дағдыларын қалыптастыру;<br>- сыйластыққа, құрметтей білуге тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | Балалар, мына суретке қарап әңгіме құрайық. Суретке қарап көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер.<br>Жақсы, ал енді осы суреттердегі жақсы әрекеттерді жылы түсті текшелермен, жаман әрекеттерді суық түсті текшелермен белгілейік.<br>Балалар, берілген суреттерді әңгімелеп, жетекші сұрақтар арқылы неліктен жақсы, жаман әрекетке ажыратқандарын дәлелдейді, тәрбиешінің нұсқауы бойынша текшелермен белгілейді.<br>«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген сөзді қалай түсінеміз?<br>Тәрбиеші: Әрқашан үлкенді сыйлап, кішіге ізеттілік көрсетуіміз керек.Балалар біз бүгін сіздермен « Үлкенге құрмет, кішіге ізет» тақырыбында оқу іс-әрекет жүргіземіз.<br>Кәне, балалар ізеттілік туралы қандай нақыл сөздер білем | 1 | |
| 28 | Балабақша өз үйім | Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту.Балабақшада жұмыс | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық | | Таратпалы заттық суреттер: текше, доп, қуыршақ, машина, | Сұрақ-жауап әдісі арқылы балабақша, балабақша қызметкерлері және балабақшада не үйреніп, | 1 | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | сіздермен « Үлкенге құрмет, кішіге ізет» тақырыбында оқу іс-әрекет жүргіземіз. Кәне, балалар izеттілік туралы қандай нақыл сөздер білем | | |
| 28 | Балабақша өз үйім | Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту.Балабақшада жұмыс істейтін апайларына құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білуге дағдыландыру. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Таратпалы заттық суреттер: текше, доп, қуыршақ, машина, пирамида, смартфон, қол сағат, аю, қоян. Көңілді, ырғақты әуен аудиотаспасы Интерактивті тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта,көрсеткіш. Аланның демонстрациялық суреті. Суретті -карточкалар: балабақша; | Сұрақ-жауап әдісі арқылы балабақша, балабақша қызметкерлері және балабақшада не үйреніп, неге дағдыландыратыны туралы әңгіме жүргіземін. Үлестірмелі материалмен жұмыс жүргіземін. Шарты: балабақшаға баратын жолды табуға көмектесу. -Балабақшада асхана, бірнеше топтар, дәрігер бөлмесі және т.б. бар. Асханада балаларға тамақ дайындалады, ал дәрігер апай өзінің бөлмесінде балалардың денсаулықтарын тексереді. -Балалар, сендер балабақшада әдепті, ұқыпты, мейірімді тату болуға үйренесіңдер, сол себепті балабақшаны «Тату достың мекені» деп те атайды. Балабақшаларың әдемі болуы үшін ауласын таза ұстап, гүлдер мен өсіп тұрған ағаштарды күтулерің қажет. | 1 | |
| 29 | Бәрін білгім келеді | Балалардың алған білімдерін пысықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, тілдерін жетілдіру, біліп – үйренуге деген құштарлықтарын арттыру. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | Жылулық шеңбер: Күннің нұры шұғылалы, Атты бүгін жарқырап. Сыйлап бізге жайдары, Ашық жарқын көңіл-күй. -Балалар бір жылда неше мезгіл бар? -Қандай ретімен кім айтып береді? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Қандай? -Бір аптада неше күн бар? -Қане ретімен айтайық? -Бір тәулікте неше мезгіл бар? -Оларды атап беріңдерші? -Өте жақсы балалар! -Бүгінгі ойын сабағымыздың тақырыбы балалар, бәрін білгім келеді деп аталады. -Мұнда біз көптеген сұрақтарға жауап іздейтін боламыз. Ғажайып сәт: (Осы кезде есік қағылып топқа Білім ханшайымы келіп кіреді) -Сәлеметсіңдер ме достар? -Қош келдің Білім ханшайымы! Бір жылда төрт мезгіл бар Қазір көктем мезгілі. Көктем мезгілінде үш ай бар Сергіту кезең: Дидактикалық ойын: Б.Х:- Балалар мен сендерге әдейі мектепке қандай дайындықпен кетіп бара жатқандарыңды көру үшін келдім.Ол үшін мен сендерді «білімділер еліне» саяхат жасауғ | 1 | |
| 30 | Мен ақылды баламын | Жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу -«Жақсылық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту. -Бойларындағы жақсы қасиеттерді дамыту. -Жақсы, әдепті, ақылды болуға тәрбиелеу.берілген сөздерге қарама-қарсы мағынала сөз табуға, сұрақтарға еркін жауап беруге жаттықтыру; жақсы әдеттерге дағдыландыру. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | Балалар, көңіл күйлерің қандай?Өз көңіл күйлерін эмоциямен, ым-ишарамен, қимыл-қозғалыспен көрсетуді сұрайды. Тәрбиеші: -Менің де көңіл күйім өте жақсы. Өйткені білімге құмар, талантты,талапты балалармен бүгін тағы бірге боламын. - Балалар, білімді бала болу үшін неістеу керек? - Сендер өздеріңді білімді баламын депайта аласыңдар ма? Тақтадағы суретке назар аударыңдар,суретке қарап әңгіме құраңдар. Балалар қайда жүр деп ойлайсыңдар? Балалар суретке қарап әңгіме құрайды | 1 | |
| 31 | Киімдерім. | Балалардың киімдер, бас киім мен аяқ киімі туралы түсініктерін дамыту; ұл бала мен қыз балаға арналған киімдер, мезгілдік киімдер туралы білімдерін қалыптастыру; тазалық пен ұқыптылық жайлы түсініктерін дамыту; киімдерді негізгі ерекшеліктері бойынша заттарды жіктеу, қатынастық топтық ойындар мен жағдаяттарға қосылу дағдыларын дамыту; әдептілікке, ұйымшылдыққа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | | «Ұшты - ұшты» ойыны. Мен сөздер айтамын, ұшатын болса, шапалақтайды, ұшпаса шапалақтамайды. Сөздер: тәрелке, ойыншық, қарға, ыдыстар, қарлығаш, құс, жейде, текше, доп, тон, тақия, тауық, әтеш, кесе, пышақ, мысық, күркетауық, шанышқы, торғай. Тапсырма. Сәйкестендір. | 1 | |
| 32 | Әдептен озбайық | "Достық" түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық | | Сюжетті суреттер, нақыл сөздер, автобус | "Сәлем сөздің анасы"<br><br>Бұл аялдамада мынадай тапсырмалар беріледі. А) "Сәлем бере білейік!" (көрініс) Автор: Көшеде кездесіп сөйлеп тұрған әкім мен | 1 | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | [illegible]<br>түсініктерін дамыту;<br>киімдерді негізгі ерекшеліктері бойынша заттарды жіктеу, қатынастық топтық ойындар мен жағдаяттарға қосылу дағдыларын дамыту;<br>әдептілікке, ұйымшылдыққа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | [illegible] | | | [illegible]<br>текше, доп, тон, тақия, тауық, әтеш, кесе, пышақ, мысық, күркетауық, шанышқы, торғай.<br>Тапсырма. Сәйкестендір. | | |
| 32 | Әдептен озбайық | "Достық" түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; тақпақ жолдарынан достықты айқындайтын сөз тіркестерін дұрыс дыбыстап, айтуға жаттықтыру. | Сөздік жұмыс.<br>Байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Сюжетті суреттер, нақыл сөздер, автобус | "Сәлем сөздің анасы"<br><br>Бұл аялдамада мынадай тапсырмалар беріледі.<br>А) "Сәлем бере білейік!" (көрініс)<br>Автор: Көшеде кездесіп сөйлеп тұрған әкім мен байдың қастарынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатыр иіліп, бар ұрып сәлем береді.<br>Мұжық: Ассалаумағалейкум.<br>Автор: Үлкен әкім мұжыққа одан да төменірек бас ұрып сәлем алады.<br>Әкім: Уағалейкумассалам.<br>Мұжық: Деніңіз сау ма? Ама<br>Әкім: Құдайға шүкір аманбыз.<br>Автор: Қасындағы бай.<br>Бай: -Тақсар, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? Дейді.<br>Автор: Сонда әкім:<br>Әкім: Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп әдептілік көрсеткен-де, мен одан әдепсіз болып қалайын ба?<br>Автор: депті<br>" Әдептілік белгісі- иіліп сәлем бергені,<br>Жақындықтың белгісі- келіп-кетіп жүргені"- деп халқымыз бекер айтпаған болар. | 1 | |
| 33 | Атадан ақыл аламыз | Өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену. Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу | Сөздік жұмыс.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | | Жұмбақ:<br>Айтары мол ғұлама<br>Көп жасаған бұл адам<br>Әкесі ол әкесінің<br>Білер оны сұраған<br>Ол кім (Ата)<br>Аймалайды «Күнім» деп,<br>Мейірімді жүзі күлімдеп<br>«Тәтті –ақ» дейді немере,<br>Бал шырындай үнің деп<br>Ол кім? (әже) | 1 | |
| 34 | Ырым мен тиым сөздер | Қазақ халқының терең тамырлы өнегелі әдет ғұрпын, салт-дастүрін,ырым-тыйым ,мәдени мұрасын, балалардың бойына дарытып, теориялык білімдерінің жүзінде ұштастыра отырып, ата-аналар тәжірибесінің ең жақсы үлгілеріне, халықшылыққа, имандылыққа, еңбекшілдік және адамгершілік рухында тәрбиелеу. Оқушылар бойына рухани байлығын сіңірту, ұлтымыз-дың дәстүрлерінен үлгі алу, ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | | Топпен жұмыс, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап..<br>а). Жүргізуші сөзі<br>ә).Балалардың сал–дәстүр, әдет–ғұрып туралы білімдерін тереңдету үшін ойын арқылы сұраққа жауап беру.<br>б). Саяхатқа шығу. Киіз үйдегі сұрақтарға жауап беру арқылы жылжып жүреді. | 1 | |
| 35 | Ұқыптылыққа үйрену | Балабақша баласының еңбекке деген талпынысын ояту. Сүйіспеншілікке ,адамгершілікке тәрбиелеу.Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу<br>Өз заттарына, киімдеріне ұқыптылықпен қарауға үйрету. | Сөздік жұмыс.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру<br>Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау.<br>Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>Мәдени-гигиеналық талаптарды орындау және сақтауға үйрету | 1 | |
| 36 | Қайталау | Балалардың бойына ізгілік қасиеттерін сіңіре отырып,көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту. | Сөздік жұмыс.<br>Байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | | Әртүрлі суреттер, түрлі-түсті қағаздар | «Не деу керек?»<br>Апаң сенің базардан,<br>Алма сатып әперді.<br>Ең үлкенін, жақсысын,<br>Саған таңдап әперді.<br>Не барып жеу керек?<br>Балалар: «Рахмет, апа!» деу керек.<br>Балалар жүр көшеде,<br>Естілді шу – айхай.<br>Сенде шықтың досыңды,<br>Қағып кеттің байқамай.<br>Мұндайда не деу керек?<br>Балалар: «Кешіріңіз!» деу керек. | 1 | |
| | | | | | | | 36 сағат | |

Scanned with CamScanner